

**Джумабеков Ержан Фазыловичтің**  
**«6D041600-Өнертану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)**  
**дәрежесін алу үшін ұсынылған «Кинорежиссер Абдолла Қарсақбаев**  
**фильмдеріндегі кинодискурс: визуалды тіл мен көркемдік бейнелер**  
**репрезентациясы» тақырыбында жазылған докторлық диссертацияға**  
**ғылыми кеңесші**  
**ПІКІРІ**

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының докторанты Джумабеков Ержан Фазыловичтің «6D041600 – Өнертану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Кинорежиссер Абдолла Қарсақбаев фильмдеріндегі кинодискурс: визуалды тіл мен көркемдік бейнелер репрезентациясы» тақырыбындағы докторлық диссертациясы – қазіргі қазақ кинотану ғылымының өзекті мәселелерін көтерген, мазмұны терең әрі ғылыми жаңалығы бар іргелі зерттеу жұмысы болып табылады.

Зерттеу нысаны ретінде таңдалған Абдолла Қарсақбаев – қазақ кино өнерінің тарихи-мәдени кеңістігінде ерекше орын алатын, ұлттық кинематографияның алтын қорына өлшеусіз үлес қосқан режиссер. Оның шығармашылық мұрасы – тек көркемдік тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар ұлттық сана мен мәдени кодты репрезентациялау тұрғысынан де бағалануға лайық. Осы тұрғыда Ержан Джумабековтың диссертациялық еңбегі Абдолла Қарсақбаев шығармашылығын жан-жақты зерттеудің жаңа кезеңін бастайды деп айтуға толық негіз бар.

Диссертацияда кино тілінің ерекше бір тармағы ретінде «кинодискурс» ұғымы теориялық-әдіснамалық тұрғыдан талданып, оның көркемдік және семиотикалық табиғаты нақты фильмдер арқылы сараланады. Зерттеуші Қарсақбаев фильмдеріндегі визуалды бейнелеу тілі мен көркемдік репрезентацияны дербес әрі кәсіби талдауға алып, кинодискурстың құрылымын, режиссерлік қолтаңбаның ерекшеліктерін, сондай-ақ бейнелердің семантикалық жүктемесін терең түсіндіреді. Бұл тәсіл қазіргі кинотану ғылымында сирек кездесетін, тың көзқарас деп бағаланады.

Жұмыстың өзектілігі – автордың киноөнер мен мәдениеттің түйісуіндегі дискурсивтік кеңістікті талдау арқылы қазақ киносының идеологиялық, көркемдік және эстетикалық аспектілерін жаңа қырынан ашуында. Ержан Джумабеков өз зерттеуінде киноны тек көркем туынды ретінде емес, әлеуметтік-мәдени және философиялық дискурс ретінде де қарастырады. Бұл – зерттеудің терең теориялық базасы мен кең ауқымды мәдениеттанулық әдістерге негізделгенін көрсетеді.

Зерттеу этикасы сақталған, барлық пайдаланылған дереккөздерге сілтемелер дәл әрі орынды жасалған. Ғылыми аппараты толық, диссертациялық жұмыс тілі нақты, мазмұны анық, тұжырымдары жүйелі және негізделген.

Докторанттың зерттеу тақырыбын кездейсоқ таңдамағанын атап өткен жөн. Ержан Джумабеков қазақ кино өнеріне, кино ғылымының дамуына үлес

қосып жүрген жаңа буын кинотанушылар қатарында. Ержан Джумабековтың ғылыми танымдық мақалалары, публицистикалық еңбектері бүгінгі кино тарихындағы өзіндік қолтаңбасымен танылған бірегей киногер. Оның қазақ киносының мәселелері бойынша 100-ден астам публицистикалық, сыни мақала мен рецензиялары, 3 мақаласы Scopus базасына кіретін нольден жоғары импакт факторы бар басылымдарда жарыққа шыққан. 2016 жылдан бастап «Baïqonur» Халықаралық кинофестивалінің бағдарлама директоры және Халықаралық Алматы киносыншылар форумының директоры ретінде қазақ киносының көркемдік ерекшеліктері мен даму тенденцияларын саралап келеді. Ержан Джумабеков сонымен қатар көптеген республикалық және халықаралық кинофестивальдердің іріктеу алқасы жұмысына араласып, телеарналар мен радиода, подкасттарда қазақ кино өнерін кеңінен насихаттайтын кинотанушы қатарында. Жылдар бойы шығармашылық тәжірибесіне сүйене отырып, ізденушінің диссертация тақырыбын терең зерттеп келгендігін сенімді түрде айтуға болады.

Ержан Джумабековтың докторантура барысында өзінің терең зерттеушілік қабілетін көрсете білді. Ол кинорежиссер Абдолла Қарсақбаев фильмдерін зерттей отырып, режиссердің фильмдеріне кәсіби талдаулар жасады. Әр кезеңдерде жарық көрген фильмдерге, жазылған ғылыми еңбектерге арнайы тоқталып, күрделі талдаулар жасап жеке кинотанушылық позициясын ұсынып Абдолла Қарсақбаевтың режиссерлік қолтаңбасын жаңа қырынан таныта білді. Кинозерттеушілік ғылыми көзқарасы нақты деректерге негізделіп, нақты тұжырымдарын жоғары деңгейде талдай білді.

Докторант Ержан Джумабеков зерттеу барысында өзін кәсіби, шығармашыл әрі жүйелі ойлайтын зерттеуші ретінде көрсете білді. Оның ғылыми-публицистикалық еңбектері, халықаралық конференциялар мен форумдарға қатысуы, сондай-ақ беделді ғылыми басылымдарда жарық көрген мақалалары оның теориялық дайындығының жоғары деңгейін дәлелдейді. «Baïqonur» халықаралық кинофестивалінің бағдарламалық директоры қызметін атқаруы, сондай-ақ көптеген ірі киношаралар мен ғылыми-мәдени жобаларға белсенді қатысуы – оның кино саласында жинақтаған кәсіби тәжірибесінің дәлелі.

Зерттеу жұмысы тек академиялық орта үшін ғана емес, сондай-ақ практикалық қолданбалы маңызға да ие. Оның нәтижелерін жоғары оқу орындарында кинотану, өнертану және мәдениеттану пәндерін оқыту барысында пайдалануға болады. Сонымен қатар, кәсіби киногерлер, сценаристер, режиссерлер мен продюсерлер үшін де бұл зерттеу құнды әдістемелік құрал қызметін атқара алады.

Қорытындылай келе, Джумабеков Ержан Фазыловичтің «Кинорежиссер Абдолла Қарсақбаев фильмдеріндегі кинодискурс: визуалды тіл мен көркемдік бейнелер репрезентациясы» атты диссертациялық жұмысы – мазмұны терең, құрылымы жүйелі, ғылыми жаңалығы жоғары және практикалық маңызы бар зерттеу. Диссертацияда ұсынылған теориялық тұжырымдар мен аналитикалық байқаулар ұлттық киноны заманауи ғылыми негізде түсінуге септігін тигізіп, болашақ зерттеулерге бағыт береді.

Осыған орай, Джумабеков Ержан Фазыловичтің диссертациялық жұмысын «6D041600 – Өнертану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайын деп есептеймін және аталған жұмысты ашық қорғауға шығаруға толық негіз бар деп санаймын.

**Ғылыми кеңесші**

PhD докторы,

Темірбек Жүргенов атындағы

Қазақ ұлттық өнер академиясы

«Кино тарихы мен теориясы»

кафедрасының меңгерушісі



Нөгербек

Баубек

Бауыржанұлы

